

Избасова А.Б.
**Рақымшылық туралы актінің
ерекшеліктері**

Мақалада қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатудың соттық емес актісі – рақымшылықтың заңдық табиғаты мен түсінігі қарастырылған. Автор мақалада рақымшылық актісін азаматтарға қатысты қолданудың ерекшеліктерін ашып көрсете білген. Рақымшылық актісінің түсінігі, мәні мен қолданылу ерекшеліктері талданған. Сонымен қатар, рақымшылық актісі мен кешірім жасаудың айырмашылықтарына тоқталып өткен.

Түйін сөздер: қылмыс, қылмыстылық, қылмыстық жауаптылықтан босату, жазадан босату, нормативтік-құқықтық акт, заң жобасы, қылмыстық жауаптылық, жаза, рақымшылық актісі, кешірім жасау.

Izbasova A.B.
**Features of the act
of amnesty**

In article the concept and the legal nature of amnesty – the extrajudicial deed of release from criminal liability and punishment are considered. The author reveals features of application of the act of amnesty to the citizens who are subject to granting of amnesty. The concept, essence and features of application of the act of amnesty are analyzed. And also, the attention is focused on differentiation of the act of amnesty and pardon.

Key words: crime, release from criminal liability, release from punishment, regulatory legal act, bill, criminal liability, punishment, act of amnesty, pardon.

Избасова А.Б.
**Особенности акта
об амнистии**

В статье рассматриваются понятие и юридическая природа амнистии – внесудебного акта освобождения от уголовной ответственности и наказания. Автор раскрывает особенности применения акта амнистии к гражданам, подлежащим амнистированию. Анализируются понятие, сущность и особенности применения акта амнистии. А также акцентируется внимание на разграничении акта амнистии и помилования.

Ключевые слова: преступление, преступность, освобождение от уголовной ответственности, освобождение от наказания, нормативно-правовой акт, проект закона, уголовная ответственность, наказание, акт амнистии, помилование.

**РАҚЫМШЫЛЫҚ
ТУРАЛЫ АКТІНІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Рақымшылық шарасы заң бұзған азаматтарға қатысты ізгілік актісі, мемлекет тарапынан мейірімділік пен сенім білдірудің көрінісі болып саналады. Рақымшылық туралы акт сипаты бойынша қарапайым құқықтық акт емес. Ол құқықтық нормаларды құрайды, сондықтан нормативтік-құқықтық акт болып табылады. Дегенмен ғылымда бұл мәселе бойынша пікір алуандығы (плюрализм) кездеседі.

Алдымен құқық теориясында нормативтік құқықтық акт ретінде не танылатындығына тоқталып өтейік. Бұл мәселе көптеген құқықтанушылардың зерттеуінің пәніне айналып отыр (С.С. Алексеев, А.Б. Венгерова, Н.В. Витрук, В.М. Корельский, А.Ф. Черданцев және т.б.). Аталған түсініктің әртүрлі анықтамалары кездеседі.

Көпшіліктің пікірі бойынша аталған ұғымға толық әрі мазмұнды анықтаманы 1982 жылы атақты заңгер С.С. Алексеев берген болатын: «Нормативтік-құқықтық акт – заң шығарушы органмен оның құзыреттілігімен қабылданған және құқықтық нормаларды орнатуға, өзгертуге немесе жоюға бағытталған, яғни бірнеше рет қолдануға бағытталған тұрақты немесе уақытша сипатқа ие жалпыға міндетті бекітілген нысандағы жазбаша ресми құжат» [1, 82 б.].

Нормативтік-құқықтық актілерде айқындалмаған субъектілер шеңберіне бағытталған және тұрақты негізде олардың күшін жойғанға дейін әрекет ететін жалпыға міндетті жүріс-тұрыс ережелері қамтылады. Осынысымен нормативтік-құқықтық акт нормативтілік белгілері жоқ басқа актілерден ажыратылады. Нормативтіліктің келесідей белгілерін бөліп көрсетуге болады:

- 1) актінің сәйкесінше құзыретті мемлекеттік органмен қабылдануы;
- 2) нормада жүріс-тұрыс ережесінің, құқықтар мен міндеттердің бекітілуі;
- 3) норманың жалпыға міндеттілігі;
- 4) норманың формальді анықтылығы;
- 5) реттеуі айқындалмаған адамдар шеңберіне қатыстылығы және бірнеше рет қолданылуы.

Рақымшылық актісі нормативтіліктің барлық белгілеріне сай келеді, сәйкесінше ол нормативтік сипатқа ие. Рақымшылық актісі құқық нормаларын да құрайды, яғни айқындалмаған

адамдар шеңберіне қатысты таратылатын және қылмыстық жауаптылықты жүзеге асыруға қатысы бар барлық органдар мен лауазымды тұлғалар үшін міндетті болып табылатын жоғарғы мемлекеттік билік органдарымен бекітілген жүріс-тұрыс ережелерін құрайды. Рақымшылық туралы актіде оның нақты бір жеке тұлғаға қатысты қолданылуы туралы нұсқаулық болмайды.

Рақымшылық актісі қылмыс жасаған тұлғалар санаттарына бағытталған, мысалы, кәмелетке толмаған балалары бар әйелдерге, бірінші және екінші топтағы мүгедектерге және т.б. Бұл ретте де рақымшылық қолданылуы мүмкін тұлғалар алдын ала анықталмаған. Бұл ерекшелік рақымшылықты нақты бір тұлғаға қатысты шығарылатын кешірім жасау актісінен ажыратуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, рақымшылық актісінің белгілі бір тұлғаға қатысты қолданылуы басқа нормативтік нұсқаулықтар тәрізді әрбір жағдайда оны қолдануға негіздің бар-жоғын тексерусіз мүмкін болмайды. Басқа нормативтік актілер тәрізді рақымшылық актісі де анықталмаған жағдайларын санын реттеуге есептелген. Осылайша, рақымшылық актісі нормативтілік көрсеткіштеріне сай келеді.

Сонымен бірге, рақымшылық туралы акті нормативтік актілер жүйесінде ерекше орынға ие. Рақымшылық туралы актілердің құқықтық табиғатына қатысты И.Л. Марогулова былай деген екен: «рақымшылық туралы актілердің құқықтық табиғаты нормативтік актілердің құқықтық табиғатынан ерекшеленеді, себебі рақымшылық актілері құқық нормаларын жойып немесе өзгертпейді, қылмыстық заңның уақытқа байланысты ережелері рақымшылыққа қатысты емес және ондай актілер қылмыстық құқық жүйесіне кірмейді. Оның пікірі бойынша рақымшылық елдің қылмыстық саясатын жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік іс-шара». Айтылғандар авторда рақымшылық актісінің нормативтік сипатқа ие еместігі туралы пікір қалыптастырды.

Мұндай көзқараспен келісу қиынға түседі. Рақымшылық актілерінің белгілі бір ерекшеліктеріне қарамастан, олар айқындалмаған адамдар тобына қолдануға арналған жоғарғы мемлекеттік билік органдарымен бекітілген жүріс-тұрыс ережелері онда көрсетілген субъектілер үшін міндетті болып табылатын құқық нормаларын құрайды. Аталған жағдайда нормалардың нұсқаулары құқықты қолдану актілерінде: уәкілеттілігі бар мемлекеттік органдардың шешім-

дерінде (сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары, сот, тергеу изоляторлары және т.б.) жүзеге асырылады.

Бұл ретте И.Л. Марогулованың рақымшылық туралы актілері қылмыстық құқық жүйесіне кірмегендіктен нормативтік емес деген көзқарасымен келіскен дұрыс болмас. Рақымшылық актісі қылмыстық заң емес (ҚР Конституциясы оны заңдық күші бойынша заң санаттарына теңегеніне қарамастан) екендігін айта кеткен жөн. Осыған байланысты рақымшылық актілері қылмыстық кодекске қосылуға жатпайды.

И.Л. Марогулова рақымшылық актісінің нормативтік сипатқа ие еместігін, сонымен қатар оның нормативтік актілерге тән тұрақтылығы мен орнықтылығының болмауымен түсіндіреді [2, 57 б.]. Аталған көзқарасты сыни бағалай отырып, нормативтік-құқықтық акт тұрақты да және нақты анықталған мерзімге әрі белгілі бір оқиғаның болуына есептелген уақытша болуы да мүмкін екендігін айта кеткен жөн. «Тұрақтылық пен орнықтылық» нормативтіліктің сапалық белгісі емес. Рақымшылық актісі нормативтік-құқықтық сипатқа ие бола отырып оның маңызды белгілерінің бірі болып табылатын әрекет етуінің шегін қарастырады. ҚР басқа заңдары тәрізді рақымшылық туралы акті де ҚР барлық аумағында заңдық күшке ие болады. Рақымшылық туралы актінің әрекет етуі актінің өзінде көрсетілетін уақытша шектермен шектеледі. Рақымшылық туралы актінің әрекет ету уақыты қатаң анықталған. Ережеге сәйкес ол ресми жарияланғаннан кейін 6 ай мерзімге белгіленеді. Дегенмен ерекшеліктер де болуы мүмкін. Қылмыстық заңмен салыстырғанда рақымшылық туралы акті уақыт бойынша қолданылуында ерекшеленеді. Қылмыстық заң жалпы ереже бойынша тікелей әрекет етеді және ерекшелік ретінде белгілі бір жағдайларда оның кері күші болуы мүмкін.

Қылмыстық заңнан тағы бір ерекшелігі рақымшылық туралы актілер оларды қабылдағанға дейін қылмыс жасаған тұлғаларға қатысты қолданылады. Яғни рақымшылық туралы актілердің кері күштері болады.

Кейбір жағдайларда рақымшылық туралы актілердің әрекет ету шектері нақты қылмыс жасалған кезеңдерді көрсетумен шектелуі мүмкін. Мысалы, 7 желтоқсан 2011 жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жиырма жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы қабылданған заңда көрсетілгендей қылмыстық жауаптылықтан Ұлы Отан соғысына, Ауғанстандағы соғыс қимылдарына, Чернобыль

апатының салдарын жоюға қатысқан, әскери және интернационалдық борышын атқару кезінде қаза тапқан әскери қызметшілердің жесірлері, күйеулері соғыс мүгедектері және оларға теңестірілген адамдар болып табылатын әйелдер босатылсын және т.б. деген нұсқаулар көрсетілуі мүмкін. Ережеге сай рақымшылық актісі көрсетілген мерзімдерден кейінгі кезеңде қылмыс жасағандарға таратылмайды.

Осылайша, рақымшылық актілері олар қабылданғаннан кейін жасалған қоғамға қауіпті әрекеттерге таратылмайды. Келтірілген мысалдардан рақымшылық актісінің уақыт бойынша қолданылуы қылмыстық заңдардың қолданылу аясына қарағанда өзгеше екендігін көреміз.

Рақымшылық туралы акт заңды күшіне енуі бойынша да ерекшеленеді. Ол заңдық күшіне ресми жарияланғаннан кейін немесе рақымшылықты жариялау туралы қаулы шыққан кезден бастап енеді. Нақты мерзім рақымшылық туралы актіні қолдану тәртібі туралы қаулыда көрсетіледі. ҚР Парламентімен қабылданатын рақымшылық туралы қаулылар заңдық техникасы бойынша күрделі болып келеді, әдетте олар екі актіге бөлінеді: рақымшылық туралы заң және рақымшылықты қолдану тәртібі туралы қаулы.

Құрылымы бойынша рақымшылықты жариялау туралы қаулы екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлігінде рақымшылық актісі қолданылатын субъектілер шеңбері анықталады; екінші бөлігінде рақымшылық актісі қолданылмайтын тұлғалар шеңбері анықталады. Әдетте рақымшылық террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстар, азаптаулар, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар жасаған, сондай-ақ қылмыстардың қайталануы немесе қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде жаза тағайындалған адамдарға қатысты қолданылмайды.

Рақымшылық актісінің ерекшеліктері қылмыс жасаған тұлғаны «кешіру» идеясынан тұратын оның сипаты мен мақсаттарына тікелей байланысты. Рақымшылықтың қылмыстылықпен күресудің түрлі мақсаттарын көздейтіні сөзсіз. Рақымшылық актілерінің мазмұны қылмыстылықпен күресу ерекшеліктеріне әсер ететін елдегі саяси және экономикалық жағдайға байланысты, ол өз кезегінде әрбір нақты рақымшылық актісінің сипаты, көлемі және оны қолдану нысанынан көрінеді.

Негізінен рақымшылық мемлекеттің өзінің аяқтарын шалыс басқан азаматтарына деген әділеттілігінің көрінісі. Шынымен де басым көпшілік рақымшылық актілері белгілі бір кешірім бе-

руді қалайтын қылмыс жасаған тұлғалар тобына қатысты шығарылады: кәмелетке толмағандар, асырауында жас балалары бар әйелдер, соғыс ардагерлері, мүгедектер және т.б.

Рақымшылық актісі әмбебаптық сипатқа ие. Ол сәйкесінше органмен қылмыстық іс жүргізудің кез келген сатысында қолданылуы мүмкін, яғни сотқа дейінгі тергеп-тексеруден жазаларды орындауға дейін. Бірінші жағдайда тұлғаны қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәселе шешіледі, ал екінші жағдайда жазадан босату мен соттылықты жою туралы мәселе шешіледі [3, 217 б.].

Қылмыстық істері сотта, бірақ сот талқылауы әлі басталмаған тұлғаларға қатысты қылмыстық істі қысқарту туралы анықтама шығарылып, айыпталушы қылмыстық жауаптылықтан босатылады. Ал қылмыстық істерін сотта талқылап жатқан тұлғаларға қатысты айыптау үкімі шығарылып, сотталған жазадан босатылады. Өздеріне қатысты шығарылған айыптау үкімдерінің заңды күшіне енген-енбегендеріне қарамастан рақымшылық актісінің шығуына байланысты жазадан, жазаны орындаудан босатылады.

Айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, Рақымшылық жасау дегеніміз мемлекет тарихындағы немесе қоғамдық өмірдегі елеулі, маңызды оқиғаларға байланысты қабылданатын акт. Бүгінгі таңда Парламент Мәжілісінде «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» заң жобасы бойынша жұмыс тобы жұмыс жасауда. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Конституцияның 61-бабының 1-тармағына сәйкес өз бастамасымен Парламент Мәжілісінің қарауына «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» заң жобасын енгізді. Қазақстан Республикасының Конституциясы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтарын ең қымбат қазына деп жариялайды. Гуманизм қағидасының бір көрінісі оған сәйкес рақымшылық жасау актіні қолданатын заңды қабылдау болып табылады. Заң жобасына сәйкес, азаматтардың әлеуметтік әлсіз топтары, соның ішінде кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, кәмелетке толмаған немесе мүгедек балалары бар әйелдер, мүгедектер, қарт адамдар, сондай-ақ ауыр емес қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағандар қылмыстық жазадан босатылады.

ҚР Бас прокурорының бірінші орынбасары Иоган Меркельдің мәлімдеуі бойынша «Қазір

тергеу аясында қамалғандарды қоса есептегенде бас бостандығынан айырылғандар саны 36 мыңды құрайды. Әлем бойынша ресми түрде біз сотталғандардың саны бойынша 62-ші орындамыз», – дейді Меркель. Оның сөзіне қарағанда, бас бостандығынан айыру орындарындағы 36 мың адамның ішінде рақымшылыққа 1800-і ілігуі мүмкін. Жалпы рақымшылыққа

тергеу жүріп жатқандар, сот қарауындағылар, сондай-ақ, пробациядағыларды қоса есептегенде 30 мыңға тарта адам ілігуі ықтимал. Бұл ретте айыппұл шарасына, шартты жазаға кесілгендер, қоғамдық жұмыстарға және басқа да ауыр емес жазаға тартылғандар қамтылатын болады. Белгілі болғандай, лаңкестік және басқа ауыр қылмыс жасағандар рақымшылыққа ілікпейді [4].

Әдебиеттер

- 1 Алексеев С.С. Общая теория права. – М.: Юридическая литература, 1982. – 135 с.
- 2 Марогулова И.Л. Амнистия и помилование: актуальные проблемы // Уголовное право. – 1997. – № 4. – С. 57.
- 3 Курс уголовного права. Общая часть. Том 2. Учение о наказании: учебник для вузов. – М.: ЗЕРЦАЛО, 1999. – 435 с.
- 4 http://www.kazinform.kz/kz/rakymshylykpen-bas-bostandygynan-ayyru-oryndarynan-1800-adam-bosaydy_a2975801

References

- 1 Alekseev S.S. Obshhaja teorija prava. – M.: Juridicheskaja literatura. 1982. – 135 s.
- 2 Marogulova I.L. Amnistija i pomilovanie: aktual'nye problemy // Uголовное право. 1997. – № 4. – S. 57.
- 3 Kurs uголовного права. Obshhaja chast'. Tom 2. Uчение o наказanii. Uchebnik dlja vu-zov. – M.: ZERCALO, 1999. – 435 s.
- 4 http://www.kazinform.kz/kz/rakymshylykpen-bas-bostandygynan-ayyru-oryndarynan-1800-adam-bosaydy_a2975801